

# **ТЕХАКАВАНК**

**Ашық Акционерлік Қоғамының**

**СОМАСЫ 3 000 000 000 ТЕҢГЕ**

**САНЫ 3 000 000 000 ДАНА**

**АТАУЛЫ КУПОНДЫ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ  
ҮШІНШІ ЭМИССИЯСЫНЫҢ**

## **ПРОСПЕКТИСІ**

Құзырлы органның облигациялар шығарылымының проспектісін мемлекеттік тіркеуден өткізуі шығарылым проспектісінде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға жасалған қайсыбір ұсынысты білдірмейді, әрі құзырлы орган осы құжаттың мазмұны үшін жауап бермейді.

### **АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ:**

«KPMG Janat» ЖШС, 480091, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 105

аудиторлық әрекетпен шұғылдануға деген 21 қазан 1999 жылғы № 0000006 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік лицензиясы;

банк әрекетінің аудиторлық тексерісін жүргізуге құқық беретін 01.11.1996 ж. №6 мемлекеттік лицензияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген.

Басқарушы серіктес

Жанат Колановна Бердалина ханым

АЛМАТЫ 2004 ж.

## I. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР

5.	Эмитенттің толық және қысқаша аты	Открытое акционерное общество «ТЕХАКАБАНК» ОАО «ТЕХАКАБАНК»  ТЕХАКАБАНК» Ашық Акционерлік Қоғамы «ТЕХАКАБАНК» ААҚ  Open Joint Stock Company «ТЕХАКАБАНК» OJSC «ТЕХАКАБАНК»
6.	Эмитенттің атының өзгеруі туралы деректер	Эмитент атын өзгерткен жоқ
7.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер	Тіркеуші орган: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу күні – 01 шілде 1993ж. Қайта тіркеу күні – 25 мамыр 1998ж.
8.	Салық төлеушінің тіркеу нөмірі	600900050984
9.	Эмитенттің тұрғылықты жері туралы деректер	Пошталық және заңды мекен-жайы: Алматы қ., 480100 Қалдаяқов к-сі, 28 тел.: +7 (3272) 50 00 60 факс: +7 (3272) 50 00 63 e-mail: post@texakabank.kz

### 10. Құрылуының қысқаша тарихы

«ТЕХАКАБАНК» ААҚ-ны (бұдан әрі – Банк) 1993 жылдың 19 наурызында қазақстандық және американдық инвесторлар тобы құрды.

Бірінші мемлекеттік тіркеу 1993 жылдың 01 шілдесінде орын алды, ал 1993 жылдың 27 қыркүйегінде Банк банк операцияларының барлық түрлерін жүргізуге деген Ұлттық Банктің Бас лицензиясын алды. Осы сәтте әрекет ететін банк лицензиясына сәйкес Банк банк операцияларының барлық түрлерін жүзеге асыруға құқықты, асыл металдары мен тастары бар зергерлік ұйымдармен жүргізілетін операцияларды қоспағанда.

1993 жылдың 1 қазанында Банк жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсете бастады.

Құнды қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлік және дилерлік әрекетті жүзеге асыруға деген лицензияның негізінде және ҚР Қаржы министрлігімен және ҚР Ұлттық банкімен бекітілген шарттардың негізінде Банк 1997 жылдан бері құнды қағаздар нарығында операциялар жүргізеді, соның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша.

1997 жылдан бері Банк American Express Services Europe Limited-тің ресми дистрибьюторы болып табылады, ал 2002 жылдан бері жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар үшін Visa International Халықаралық төлем жүйесінің карточкаларын эмиссиялайды.

2001 жылдан бері Банк Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылады.

2002 жылы Банк ипотекалық және тұтыну несиесін беру бағдарламаларын енгізе бастады, ал 2003 жылы «ТЕХАКАВАНК» ААҚ ипотекалық несиелер бойынша талап ету құқығын сатып алуға деген мөлшері 200 млн.теңге лимиті бар Қазақстан ипотекалық компаниясы серіктестерінің тізіміне кіргізілді.

Қазіргі кезде Банктің Астана, Орал, Атырау қалаларында үш филиалы бар. Атырау қаласында филиал 2003 жылдың желтоқсанында ашылды.

#### **11. Мәртебесі туралы деректер**

Банктің қаржы агенттігі деген мәртебесі жоқ

#### **12. Рейтингтерінің бар екендігі туралы деректер**

2003 жылдың мамыр айында Moody's Investors Services рейтинг агенттігі «ТЕХАКАВАНК» ААҚ-ға "E+" қаржы тұрақтылығы рейтингін және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді депозиттер бойынша "B1/NP" рейтингін берді, рейтингтер болжамы – тұрақты. Агенттіктің мәлімдемесінде банктің соңғы жылдардағы тұрақты жұмысын, активтерінің жақсы сапасын және жақсы дамыған нарықтық тауашасын рейтингтің ескергені айтылады.

2004 жылы Moody's Investors Services агенттігі «ТЕХАКАВАНК» ААҚ-ға берілген рейтингті растады.

## II. БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

### 13. Басқару органдарының құрылымы

- Жоғарғы органы – Акционерлердің Жалпы Жиналысы
- Басқару органы – Директорлар Кеңесі
- Атқарушы органы – Басқарма

#### Акционерлердің Жалпы Жиналысы

Акционерлердің Жалпы Жиналысы жоғарғы орган болып табылады және Банк әрекетіне тікелей басшылық жүргізбейді. Акционерлердің Жалпы Жиналысы өзінің Банк Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған құзырлығының сұрақтары бойынша шешім қабылдайды. Акционерлердің Жалпы Жиналысының айрықша құзырлығына келесілер жатады:

- 1) Банк жарғысына өзгерістер мен толықтырмалар енгізу;
- 2) акционерлік қоғамның типін өзгерту;
- 3) Банктің ырықты қайта ұйымдастырылуы және жойылуы (ҚР заңнамасы белгілеген ерекше қаралатындарды қоспағанда);
- 4) Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерін, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сандық құрамын анықтау;
- 5) Банктің жарияланған жарғы капиталының мөлшерін өзгерту;
- 6) Банктің Ревизиялық комиссиясының Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) санақ комиссиясының құрамын бекіту, ҚР заңнамасы қарастыратын жағдайларды қоспағанда;
- 8) Банктің жылдық қаржы есебін, Банктің Ревизиялық комиссиясының қорытындысын бекіту;
- 9) жақын арада шақырылатын Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Банктің акционерлерге хабар беру формасын анықтау және осындай ақпаратты баспасөз бетінде орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 10) акцияларды бөлшектеу (сплит) және консолидациялау;
- 11) құнды қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес Банк акцияларды сатып алып жатқан кезде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
- 12) Банктің таза табысын үлестіру тәртібі;
- 13) жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 14) Банкке тиеселі барлық активтердің жиырма бес және одан да астам пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе солардың әрекетіне Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 15) ірі мәмілелерді және өзге де мәмілелерді ҚР заңнамасына сәйкес бекіту;
- 16) Банктің облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару шарттары мен тәртібі;
- 17) лауазымды тұлғалардың, соның ішінде Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысының және(немесе) өтемақысының мөлшерін бекіту;
- 18) Банк аудиторын бекіту;

- 19) акционерлерге Банк әрекеті туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде баспасөзді анықтау.

### Директорлар Кеңесі

Директорлар Кеңесі – атқарушы функция орындамайтын орган, акционерлердің мүдделерін қорғайды және Банк әрекетіне жалпы басшылық жүргізеді. Директорлар Кеңесінің айрықша құзырлығына келесілер жатады:

- 1) Банк әрекетінің приоритетті бағыттарын анықтау;
- 2) Банк акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау, Қр заңнамасы және осы Жарғы қарастыратын жағдайларды қоспағанда;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмейтін жағдайда санақ комиссиясын құру (дауыстарын санағын жүргізуге өкілетті тұлғаны тағайындау);
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 5) Жалпы жиналысқа қатысуға құқықты акционерлердің тізімі құрастырылатын күнді анықтау, және акционерлердің Жалпы жиналысын дайындаумен және өткізумен байланысты басқа да сұрақтар;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысына шешім қабылдау үшін ҚР қолданымдағы заңнамасы қарастыратын сұрақтарды шығару;
- 7) шығарылған (төленген) Банк капиталының мөлшерін азайту туралы және ҚР заңнамасы қарастыратын жағдайларда Банк шығарған акцияларды, облигацияларды және өзге де құнды қағаздарды сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 8) Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне төленетін сыйақы мен төлемақының мөлшерін белгілеу;
- 9) Банктің Ревизиялық комиссиясының мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшерін анықтау және аудитордың қызметіне төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- 10) тоқсанның немесе жартыжылдықтық қорытындысы бойынша төленетін дивидендтердің мөлшері, көздері және төлеу тәртібі туралы шешім қабылдау;
- 11) Банктің таза табысын, резерв капиталының және өзге де қорларының қаражатын пайдалану тәртібін анықтау;
- 12) операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын, Банктің ішкі ережелерін, Ішкі несие саясаты туралы ережені және Банктің әрекет ету тәртібін анықтайтын басқа да құжаттарды бекіту;
- 13) Банкпен ерекше қарым-қатынасымен байланысты тұлғаға несие беру туралы, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынасымен байланысты тұлғаға кепілдік беру туралы шешім қабылдау;
- 14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;
- 15) басқа ұйымдарды құрылуына және әрекет етуіне Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау, ҚР заңнамасы және осы Жарғы қарастыратын жағдайларды қоспағанда;
- 16) ҚР заңнамасы белгілейтін тәртіппен ірі мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау;
- 17) тәуелсіз тіркеушімен жасалатын шартты бекіту;
- 18) құпия сипаты бар және Банктің коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпаратты анықтау;

- 19) жарияланған акциялардың саны шеңберінде акциялардың эмиссиясы туралы шешім қабылдау, Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы басқаша қарастырмайтын болса.
- 20) ҚР заңнамасы және осы Жарғы қарастыратын, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырлығына жатпайтын өзге де сұрақтар.

#### Басқарма

Басқарма Банк әрекетіне ағымдағы басшылық жүргізетін коллегиялды атқарушы орган болып табылады. Басқарма Акционерлердің Жалпы Жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуы үшін жауап береді. Басқарманың құзырлығына Акционерлердің Жалпы Жиналысының және Директорлар Кеңесінің айрықша құзырлығына жатпайтын Банктің күнделікті ағымдағы әрекетін қамтамасыз етудің барлық сұрақтары жатады. Ағымдағы әрекетті жүзеге асыру үшін Басқарма Төрағасы айына кем дегенде бір рет Басқарма отырысын шақырады және өткізеді.

Басқарма Төрағасы, Банк Жарғысына сәйкес:

- 1) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Банкке өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 3) Банк атынан мәмілелер жасайды, ҚР заңнамасы және осы Жарғы қарастыратын жағдайларды қоспағанда;
- 4) өз өкілеттіктерінің шеңберінде Банк атынан келісімдерге, шарттарға және басқа да міндеттемелерге қол қояды;
- 5) Банк қызметкерлерін қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрық шығарады, еңбек ақысын төлеу жүйесін анықтайды, қызмет окладтары мен жеке қосымша ақы мөлшерін белгілейді, сыйлықақы сұрақтарын шешеді, марапаттау шараларын қолданады және тәртіп жазасын салады;
- 6) Банк қызметкерлеріне арналған ережелер мен нұсқауларды бекітеді;
- 7) Басқарма мүшелеріне жауапкершілік салаларын бөліп береді;
- 8) өзіне акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар Кеңесі тапсырған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады, ҚР қолданымдағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес осы органдардың айрықша құзырлығына жататын сұрақтарды қоспағанда.

Банк Басқармасының Төрағасы өзінің құзырлығындағы кейбір сұрақтар бойынша шешім қабылдау құқығын Басқарма мүшелеріне және Банктің құрылымдық бөлімшелерінің бастықтарына тапсыра алады.

#### 14. Директорлар Кеңесінің Мүшелері

№	Ф.А.О.	Қазіргі кездегі қызметі	Туған жылы	2001 ж. – 2004 ж. аралығындағы атқарған қызметі	Жарғы капиталын -дағы үлесі
1.	<b>Грегори Ноул Стьюдер</b>	Директорлар Кеңесінің Төрағасы	1947	-Басқарма Төрағасы (17.04.1998 ж. дейін) - Директорлар Кеңесінің Төрағасы (7.04.1998 ж. бері - осы уақытқа дейін)	90,3%
2.	<b>Генри Сейнт Даль</b>	Директорлар Кеңесі Төрағасының Орынбасары	1947	- Директорлар Кеңесінің мүшесі (05.06.1997 ж. бері) - Директорлар Кеңесі Төрағасының Орынбасары (1998 ж. қаңтарынан – осы уақытқа дейін)	жоқ
3.	<b>Винс Аккерсон</b>	Директорлар Кеңесінің мүшесі	1947	- Директорлар Кеңесінің мүшесі (05.06.1997 ж. бері – осы уақытқа дейін)	жоқ

Банктің еншілес және тәуелді компанияларында Директорлар Кеңесі мүшелерінің үлесі жоқ.

Директорлар Кеңесінің құрамында алдыңғы екі жылдың ішінде болған өзгерістер: акционерлердің Жалпы жиналысының 2004 жылдың 21 мамырындағы шешімі бойынша осыған дейін Директорлар Кеңесі Төрағасының Бірінші Орынбасары болып келген, 1964 жылы туылған Гекко Игорь Витальевич Директорлар Кеңесінің құрамына қайта сайланбады.

## 15. Басқарма мүшелері

№	Ф.А.О.	Қазіргі кездегі қызметі	Туған жылы	2002 ж. – 2004 ж. аралығындағы атқарған қызметі	Жарғы капиталын дағы үлесі
1.	<b>Дорджиев Валерий Федорович</b>	Басқарма Төрағасының	1963	- «KPMG Janat» ЖШС аға аудитор (2001 – маусым 2004); - Басқарма Төрағасының бірінші орынбасарының міндетін атқарушы (маусым 2004 ж. – тамыз 2004); - Банк Басқармасы Төрағасының (тамыз 2004 ж. – осы уақытқа дейін)	жоқ
2.	<b>Бисембиева Гауяр Сулдбаевна</b>	Басқарушы директор	1976 г.	- Атқарушы директор – Операциялық департамент директоры (қыркүйек 2002 ж. – желтоқсан 2002 ж.); - Атқарушы директор (желтоқсан 2002 ж. – мамыр 2003 ж.); - Басқарма Төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы (мамыр 2003 ж. – тамыз 2003 ж.); - Басқарушы директор (тамыз 2003 ж. – осы уақытқа дейін)	жоқ
3.	<b>Ким Лидия Викторовна</b>	Басқарушы директордың	1965	- Валюталық бақылау маманы, ішкі бақылаушы (1999 ж.- қыркүйек 2003 ж.); - Ішкі аудит қызметінің Бастығы (қыркүйек 2003 ж. – мамыр 2004 ж.); - Басқарушы директордың (мамыр 2004 ж. – осы уақытқа дейін)	жоқ
4.	<b>Кузмичев Андрей Георгиевич</b>	Атқарушы директор	1964	- Қазынашылық департаментінің Директоры (ақпан 2002 ж. – шілде 2002 ж.); - Атқарушы Директор – Қазынашылық департаментінің Директоры (шілде 2002 ж. - қыркүйек 2002 ж.); - Тәуекелдік-менеджер – Атқарушы Директор (қыркүйек 2002 – осы уақытқа дейін)	жоқ



5.	<b>Нурманбетова Лейла Аймухамбетовна</b>	Бас бухгалтердің	1977	- ҚР Ұлттық Банкінің жетеші экономисі (2001- мамыр 2003); - ҚР Ұлттық Банкінің бас экономисі (мамыр 2003 – қараша 2003); - Бас бухгалтердің міндетін атқарушы (желтоқсан 2003 - наурыз 2004); - Бас бухгалтердің орынбасары (мамыр 2004 – сәуір 2004); - Бас.бух.орынб. – Банк өнімдері Методологиясы деп. Директоры (сәуір 2004 – тамыз 2004); - Бас бухгалтердің (тамыз 2004 – осы уақытқа дейін)	жоқ
6.	<b>Барышев Виктор Николаевич</b>	Басқарма Төрағасының Орынбасары (Даллас қ., АҚШ)	1935	- Басқарма Төрағасының Орынбасары (қараша 1993 ж. – осы уақытқа дейін).	жоқ

Банктің еншілес және тәуелді компанияларында Басқарма мүшелерінің үлесі жоқ.

16. Акционерлік қоғамдар бұл тармақты толтырмайды

17. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы орган мүшелеріне төленетін сыйақы

Облигацияларды шығару туралы шешім қабылдаған күннен бұрынғы соңғы үш айдың ішінде Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелеріне төленген сыйақының жалпы мөлшері, теңге:

Орган	05.05.04-тен 05.08.04-ке дейінгі аралықта төленген сыйақы
Директорлар Кеңесі	Төленбеді
Басқарма	11 824 200


Облигацияларды шығару туралы шешім қабылдаған күннен бастап, келесі он екі айдың ішінде Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелеріне төленуі тиіс сыйақының жоспарлы жалпы мөлшері, теңге:

Орган	05.08.04-тен 05.08.05-ке дейінгі аралықта төленетін сыйақының жоспарлы жалпы мөлшері
Директорлар Кеңесі	-
Басқарма	42 296 800

18. «ТЕХАКАВАНК» ААҚ-ның ұйымдастыру құрылымы

**СТРУКТУРА ОАО «ТЕХАКАВАНК»**

По состоянию на **31.08.2004 г.**



31.08.2004 жылғы күйіне қарай

„ТЕКСАКАБАНК” ААҚ құрылымы

Заместитель председателя правления – Басқарма Төрағасының орынбасары  
И.о. председатель правления – Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы  
Управляющий директор – Басқарушы директор  
Руководитель постоянной координационной комиссии – Тұрақты координациялық комиссия басшысы  
Исполнительный директор – Атқарушы директор  
Служба внутреннего контроля – Ішкі бақылау қызметі  
Исполнительный директор (РКО) – Атқарушы директор (ЕКБ)  
Департамент маркетинга и административной работы – Маркетинг және әкімшілік жұмыстар департаменті  
Департамент кадровой политики – Кадр саясаты жөніндегі департамент  
Юридический департамент – Заң департаменті  
Департамент платежных систем – Төлем жүйелері жөніндегі департамент  
Департамент валютного контроля – Валюталық бақылау департаменті  
Операционный департамент – Операциялар департаменті  
Департамент платежных карт – Төлем карталары жөніндегі департамент  
Департамент авторизации – Авторизациялау департаменті  
Департамент координации РКО – ЕКБ координациялау департаменті  
Департамент регионального развития – Аймақтық даму жөніндегі департамент  
Департамент налогового планирования – Салықты жоспарлау жөніндегі департамент  
Генеральная бухгалтерия – Бас бухгалтерия  
Департамент внутриванковских операций – Банкаралық операциялар департаменті  
Департамент методологии банковских продуктов – Банк өнімдері әдіснамасы департаменті  
Риск менеджер – Тәуекелдік менеджер  
Исполнительный директор – Атқарушы директор  
Международный департамент – Халықаралық департамент  
Департамент казначейства – Қазынашылық департаменті  
Департамент кредитной администрации – Несие әкімшілігі департаменті  
Департамент потребительского кредитования – Тұтынушыларды несиелеу департаменті  
Кредитный департамент- Несие департаменті  
Отдел по работе с проблемными кредитами – Проблемалық несиелеу жұмыс жөніндегі бөлім  
Департамент информационной технологии – Ақпараттық технологиялар департаменті  
Филиал г. Атырау – Атырау қаласындағы филиал  
Филиал г. Уральск- Орал қаласындағы филиал  
Филиал г. Астана – Астана қаласындағы филиал

**Қызметкерлер саны**

Қызметкерлердің, соның ішінде банк филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны – 408 адам.

**Құрылымдық бөлімшелердің басшылары туралы деректер (Директорат)**

№	Ф.А.О.	Қазіргі кездегі қызметі	Туған жылы	2002 ж. – 2004 ж. аралығындағы атқарған қызметі	Жарғы капиталын -дағы үлесі
1.	<b>Бисембиева Гауһар Сулдбаевна</b>	Басқарушы директор	1976 г.	- Атқарушы директор – Операциялық департамент директоры (Қыркүйек 2002 ж. – Желтоқсан 2002 ж.); - Атқарушы директор (Желтоқсан 2002 ж. – Мамыр 2003 ж.); - Басқарма Төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы (Мамыр 2003 ж. – Тамыз 2003 ж.); - Басқарушы директор (Тамыз 2003 ж. – осы уақытқа дейін)	Жоқ
2.	<b>Ким Лидия Викторовна</b>	Басқарушы директордың	1965	- Валюталық бақылау маманы, ішкі бақылаушы (1999 ж.- қыркүйек 2003 ж.); - Ішкі аудит қызметінің Бастығы (қыркүйек 2003 ж. – мамыр 2004 ж.); - Басқарушы директордың (мамыр 2004 ж. – осы уақытқа дейін)-	жоқ
3.	<b>Кузмичев Андрей Георгиевич</b>	Атқарушы директор	1964	- Қазынашылық департаментінің Директоры (ақпан 2002 ж. – шілде 2002 ж.); - Атқарушы Директор – Қазынашылық департаментінің Директоры (шілде 2002 ж. - қыркүйек 2002 ж.); - Тәуекелдік-менеджер – Атқарушы Директор (қыркүйек 2002 – осы уақытқа дейін)	жоқ

<b>4.</b>	<b>Нифонтова Татьяна Федоровна</b>	Атқарушы директор	1955	- №1 ЕКБ директоры (мамыр 2000 – қыркүйек 2003 ж.); - №23 ЕКБ директоры (қыркүйек 2003 ж. – қаңтар 2004 ж.); - № 30 ЕКБ директоры (қаңтар 2004 – шілде 2004); - Атқарушы Директор (шілде 2004 ж. – осы уақытқа дейін)	жоқ
<b>5.</b>	<b>Шаяхметов Ринат Равильевич</b>	Атқарушы директор	1956	Атқарушы директор (HR, PR) (2001 ж. – осы уақытқа дейін)	жоқ

### III. ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ

#### 19. Банк Акционерлері

Банк акционерлерінің жалпы саны:

Акция ұстаушылар	Төленген ЖК-дағы үлес (%)	Ұстаушылар саны
Жеке тұлғалар	100	2

Банк акцияларының он және одан да астам пайызына ие акционерлер туралы деректер:

N	Акционер – заңды тұлғалардың толық және қысқаша аты немесе акционер – жеке тұлғалардың Ф.А.О.	Орналастырылған акциялардың жалпы санына деген пайыздық қатынасы
1.	Грегори Ноул Стюдер	90,3%
2.	Гекко Игорь Витальевич	9,7%

Эмитенттің акционері (қатысушысы) болып табылмайтын, бірақ эмитенттің әрекетін басқа ұйымдар арқылы бақылауға құқықты тұлғалар жоқ.

Тікелей немесе жанама түрде банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да астам пайызына ие, жоғарыда көрсетілгендерді қоспағанда, тікелей немесе жанама түрде банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да астам пайызымен дауыс бере алатын немесе шартқа сәйкес немесе басқа да бір тәсілмен банкпен қабылданатын шешімдерге ықпал ете алатын акционерлер жоқ.

#### 20. Төленген капиталының он және одан да астам пайызына Банк ие болып келетін ұйымдар туралы деректер

Төленген капиталының он және одан да астам пайызына Банк ие болып келетін ұйымдар жоқ.

#### 21. Банк қатысатын өнеркәсіп, банк, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар, валюта, қор биржалары туралы деректер

N	Ұйымның аты	Тұрғылықты жері
1.	Өнеркәсіп топтары	қатыспайды
2.	Банк және қаржы топтары	Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы, Алматы қ, 480090, Көктем-3, үй.21; Society for world wide interbank Financial Telecommunication (Avenue Adele 1- B – 1310 La Hulpe - Belgium); Visa International CEMEA Халықаралық төлем жүйесі, PO Box 253 London W8 5TE United Kingdom
3.	Ассоциациялар	«Қазақстан финсистерінің ассоциациясы» Заңды тұлғалар бірлестігі, «Қазақстан финсистерінің ассоциациясы» ЗТБ, 480091, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67
4.	Консорциумдар	қатыспайды
5.	Биржалар	«Қазақстан қор биржасы» Жабық акционерлік қоғамы «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ,

		480091, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67
6.	Қорлар	«Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі Қазақстан Қоры» Жабық акционерлік қоғамы «Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі Қазақстан Қоры» ЖАҚ 480091, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67.

**22. Эмитенттің басқа да үлестес тұлғалары туралы деректер**

14-21 тармақшаларында көрсетілгендерден басқа Банктің үлестес тұлғалары жоқ.

**23. Үлестес тұлғалардың қатысумен жүргізілетін операциялар**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банкке қатысты үлестес болып табылатын ұйымдардың қатысуымен соңғы жылдың ішінде Банк ірі мәмілелер жасамады.

#### IV. ЭМИТЕНТТИҢ ӘРЕКЕТІН СИПАТТАУ

Қаржы ұйымдары бұл бөлімді толтырмайды. 24-тен 30-ға дейінгі тармақтар көрсетілмейді.

#### V. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

##### Активтер

##### 31. Материалды емес активтердің түрлері

Аты	Баланстық құны 5 % және одан да астам	мың теңге Үлес (%)
Программалық жабдықтау	49 138	100
<b>Жиыны Материалды емес активтер</b>	<b>49 138</b>	<b>100</b>

##### 32. Негізгі құрал түрлері

Аты	Баланстық құны 5 % және одан да астам	мың теңге Үлес (%)
Жер, ғимараттар мен имараттар	940 364	67,31
Компьютерлік жабдық	129 156	9,24
Көлік құралдары	77 189	5,52
Басқа да негізгі құралдар	250 406	17,93
<b>Жиыны Негізгі құралдар</b>	<b>1 397 115</b>	<b>100</b>

##### 33. Инвестициялар

Аты	мың теңге		
	31.12.2002	31.12.2003	31.08. 2004
Басқа заңды тұлғалардың капиталына құйылған тура инвестициялар	200	200	200
Құнды қағаздар портфелі:			
- сауда үшін арналған	243 960	99 997	101 078
- сату үшін қолда бар	535 453	944 420	3 268 655
- өтелгенге шейін ұсталынатын	140 080	35 000	0
<b>Барлығы Инвестициялар</b>	<b>919 693</b>	<b>1 079 617</b>	<b>3 369 733</b>

##### 34. Дебиторлық берешек

##### Дебиторлық берешектің құрылымы (01.09.04)

Баптың аты	Сомасы (мың теңге)
Салықтар және басқа да міндетті бюджет төлемдері бойынша есеп айырысу	596
Қызметкерлермен есеп айырысу	13 506
Құжаттық есеп айырысу бойынша дебиторлар	49 566
Күрделі қаржы салымдары бойынша дебиторлар	67 887
Банк әрекеті бойынша басқа да дебиторлар	240 477
Банктік емес әрекет бойынша басқа дебиторлар	44 669
Басқа транзиттік шоттар	8 175
<b>Жиыны</b>	<b>424 876</b>

Дебиторлық берешектің 5 және одан да астам % мөлшерінде Эмитенттің алдында дебиторлық берешегі бар дебиторлардың тізімі

01 қыркүйек 2004ж. Банктің мұндай дебиторы жоқ.



**Несие портфелі****01.09.2004ж. деген несие портфелінің сапасы (брутто)**

мың теңге

<b>Қарыз берешегі</b>	
1. Стандартты	7 089 634.00
2. Күмәнды	3 875 909.00
1) 1 санатты күмәнды	3 505 480.00
2) 2 санатты күмәнды	61 764.00
3) 3 санатты күмәнды	4 665.00
4) 4 санатты күмәнды	12 971.00
5) 5 санатты күмәнды	291 029.00
3. Үмітсіз	56 091.00
<b>Жиыны</b>	<b>11 021 634.00</b>
<b>Қалыптасқан провизиялар сомасы</b>	
1. Стандартты	-
2. Күмәнды	331 366.00
1) 1 санатты күмәнды	175 485.00
2) 2 санатты күмәнды	6 177.00
3) 3 санатты күмәнды	933.00
4) 4 санатты күмәнды	3 243.00
5) 5 санатты күмәнды	145 528.00
3. Үмітсіз	56 098.00
<b>Жиыны</b>	<b>387 464.00</b>

**Экономика салалары бойынша****«ТЕХАКАВАНК» ААҚ несие портфелінің құрылымы (брутто)**

мың теңге

<b>Экономика саласы</b>	<b>01.09.2004</b>	
	<b>сомасы</b>	<b>үлесі</b>
Сауда	4 060 184.00	36.84%
Өңдеу өнеркәсібі	354 689.00	3.22%
Азық-түлік тауарларының өндірісі	153 585.00	1.39%
Құрылыс	2 254 518.00	20.46%
Ауыл шаруашылығы	61 951.00	0.56%
Жылжымайтын мүлік	378 983.00	3.44%
Энергетика	8 000.00	0.07%
Көлік саласы	724 430.00	6.57%
Бұхаралық ақпарат құралдары	25 520.00	0.23%
Түрлі-түсті металлургия	74 851.00	0.68%
Машина жасау	434 181.00	3.94%
Басқалар	2 490 742.00	22.60%
<b>Барлығы Несиелер</b>	<b>11 021 634.00</b>	<b>100%</b>

**2004 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 10 ірі несие**

<b>№</b>	<b>Клиенттің аты</b>	<b>Несие сомасы (мың тг.)</b>	<b>Аяқталу мерзімі</b>	<b>Меншікті салмақ</b>
1	"Ардор ЛТД"	595 145.40	31.10.2009	5.40%
2	"НПО РАЗВИТИЕ"	588 785.00	11.06.2008	5.34%
3	"Капри ЛТД"	583 802.50	24.04.2007	5.30%

4	"СТОК-ИНВЕСТ"	535 905.00	02.08.2005	4.86%
5	"СТРОЙТРЕСТ ЛТД"	518 352.65	24.12.2006	4.70%
6	"Эко Инterra"	399 719.03	10.06.2009	3.63%
7	"Система управления"	378 982.81	14.10.2005	3.44%
8	"Status-center"	317 615.40	25.02.2007	2.88%
9	"ALMATY DEVELOPMENT COMPANY"	309 066.96	25.05.2007	2.80%
10	"ГОРПРОЕКТ-4"	270 757.12	30.01.2009	2.46%

### Жарғы капиталы

#### 35. Төленген жарғы капиталының мөлшері

«ТЕКАКАВАНК» ААҚ-ның 01.09.2004ж.-ға деген төленген жарғы капиталы – 1 480 466 000 теңге.

### Міндеттемелер

#### 36. Қарыздар

Контрагенттің аты	Сомасы және тарту валютасы	% мөлшерлеме	Қамтамасыз ету түрлері	Өтелетін сомалар (тоқсан сайын)	Өтелетін сомалар (жылдар бойы)
Raiffeisen ZentralBank Osterreich AG	850 000.00 USD	2.86	ENU04.10 – саны 1 000 000 дана.	IV -863 235.44 USD	-
Raiffeisen ZentralBank Osterreich AG	5 998 591.67 USD	3.2	ENU07.05 – саны 5 100 000 дана, 900 000 USD сомасына деген депозит	IV - 6 094 035.93 USD	-
Raiffeisen ZentralBank Osterreich AG	1 041 160.00 USD	3.13	ENU07.05 – саны 1 000 000 дана	IV - 1 074 291.45 USD	-
Raiffeisen ZentralBank Osterreich AG	6 000 085.94 USD	3.66	ENU07.05 – саны 4 775 000 дана, 1 165 609.38 USD сомасына деген депозит	-	2005 - 6 112 327.55 USD

#### 37. Кредиторлық берешек

##### Кредиторлық берешек құрылымы (01.09.04)

Берешектің аты	Сомасы (мың теңге)
Салықтар және басқа да міндетті бюджет төлемдері бойынша есеп айырысу	437
Қызметкерлермен есеп айырысу	1 527
Құжаттық есеп айырысу бойынша кредиторлар	8 400
Мерзімі ұзартылған табыс салығы	20 753
Банк әрекеті бойынша басқа да кредиторлар	44 208
Банктік емес әрекет бойынша басқа кредиторлар	20 111
Басқа транзиттік шоттар	400 320
Шартты міндеттемелер бойынша болған шығындарды өтеуге арналған арнайы резервтер (провизиялар)	26 081
<b>Жиыны</b>	<b>521 837</b>

**Кредиторлық берешектің 5 және одан да астам % мөлшерінде Эмитенттің алдында кредиторлық берешегі бар кредиторлардың тізімі**

01 қыркүйек 2004ж. мұндай кредиторлар жоқ.

**Қаржылық нәтижелер**

**38. Қаржылық нәтижелердің анализі**

	мың теңге		
<b>Көрсетілген қызметтердің көлемі</b>	<b>01.09. 2004</b>	<b>2003</b>	<b>2002</b>
<b>Несиелеу, барлығы</b>	<b>7 830 104</b>	<b>12 148 000</b>	<b>6 576 903</b>
соның ішінде:			
Банктерге	0	0	0
Занды тұлғаларға (банктерді қоспағанда)	6 955 155	10 738 340	6 077 055
Жеке тұлғаларға (халыққа)	874 949	1 409 660	499 848
<b>Сауданы қаржыландыру, барлығы</b>	<b>2 225 133</b>	<b>5 019 127</b>	<b>2 696 427</b>
соның ішінде:			
Кепілдіктер	451 928	960 649	1 482 915
Аккредитивтер	1 773 205	4 058 478	1 213 512
<b>Есептік-кассалық қызмет көрсету, барлығы</b>	<b>274 204 661</b>	<b>278 576 477</b>	<b>185 133 532</b>
соның ішінде:			
Занды тұлғалардың төлемдерін аудару	269 955 813	276 087 490	182 245 610
Жеке тұлғалардың төлемдерін аудару	4 248 848	2 488 987	2 887 922
<b>Брокерлік-дилерлік қызметтер, барлығы</b>	<b>65 732 934</b>	<b>66 765 028</b>	<b>44 997 065</b>
соның ішінде:			
Клиенттердің тапсырмасы бойынша валюта сатып алу	54 240 422	52 317 605	35 279 566
Клиенттердің тапсырмасы бойынша валюта сату	11 278 167	13 024 030	8 630 897
Клиенттердің тапсырмасы бойынша құнды қағаздар сатып алу	142 123	929 592	919 354
Клиенттердің тапсырмасы бойынша құнды қағаздарды сату	72 222	493 801	167 248
<b>Депозиттерді тарту, барлығы</b>	<b>24 373 994</b>	<b>47 330 131</b>	<b>60 823 702</b>
соның ішінде:			
Банктерден	4 638 947	4 104 164	4 054 117
Занды тұлғалардан (банктерді қоспағанда)	1 790 427	1 868 861	651 719
Жеке тұлғалардан (халықтан)	17 944 620	41 357 106	56 117 866
<b>Басқа да қызметтер</b>			

**39. Табыстар мен шығындардың құрылымы**

АТЫ	01.09.2004	2003	2002
I. Сыйақы алумен байланысты табыстар	1 073 312	1 070 237	719 507
II. Сыйақы төлеумен байланысты шығындар	654 139	608 001	421 990
III. Қарыздар бойынша болатын болжамды шығындар үшін резерв қалыптастырғанға дейін сыйақы төлеумен байланысты таза табыс	419 173	462 236	297 517
Қарыздар бойынша болатын болжамды шығындарға арналған резервтер/(резервтерді қалпына келтіру)	238 159	282 854	168 822
IV. Сыйақы алумен байланысты таза табыс (шығын)	181 014	179 382	73 829
V. Сыйақы алумен байланысты емес таза табыс (шығын)	719 706	753 338	645 597
VI. Басқа да операциялар бойынша резервтер қалыптастырғанға дейінгі және салық салынғанға дейінгі пайда (шығын)	332 579	193 151	152 984
VII. Салық салынғанға дейінгі пайда (шығын)	329 409	208 333	136 211
VIII. Азшылық үлесіне дейінгі пайда (шығын)	318 568	186 813	126 101
<b>IX. Жиыны Таза пайда (шығын)</b>	<b>318 568</b>	<b>186 813</b>	<b>126 101</b>

**40. Қаржылық коэффициенттер**

№	Аты	Норматив	01.01.02ж.-ға	01.01.03ж.-ға	01.01.04ж.-ға	01.09.04ж.-ға
1	Меншік капитал $K=K1+K2$ -ИК (мың теңге)		1 610 325	1 933 369	2 282 096	2 779 493
2	Бірінші деңгей капиталы K1 (мың теңге)		1 008 690	1 081 287	1 291 130	1 640 750
3	Екінші деңгей капиталы K2 (мың теңге)		601 835	852 282	991 166	1 138 943
4	Капиталға құйылған инвестициялар ИК (мың теңге)		200	200	200	200
5	Меншік қаражаттарының жеткіліктілігі					
5.1	Активтерге деген бірінші деңгей капиталы k 1	$\geq 0.06$	0.17	0.12	0.10	0.09
5.2	Тәуекелдігі бойынша өлшенген активтерге деген меншік капитал k 2	$\geq 0.12$	0.34	0.23	0.19	0.19
6	Бір қарыз алушыға деген максимальді тәуекелдік					
6.1	k3.1 (ерекше қатынастармен банкпен байланысты қарыз алушылар)	$\leq 0.1$	0.00	0.00	0.00	0.00
6.2	k3.2 (өзге қарыз алушылар)	$\leq 0.25$	0.24	0.22	0.23	0.21
6.3	k3.3 (бланктік несиелер)	$\leq 0.1$	0.01	0.03	0.01	0.01
7	Өтемпаздық коэффициенті					

7.1	Ағымдағы өтемпаздықтың k4	$\geq 0.3$	0.52	0.57	0.61	1.06
7.2	Қысқа мерзімді өтемпаздықтың k5	$\geq 0.4$	Не рассч	0.97	0.88	1.49
8.	Банктің негізгі құралдар мен басқа да қаржылық емес активтерге құятын инвестицияларының максималды мөлшері	$\leq 0.5$	0.43	0.46	0.48	0.46

<b>Көрсеткіш</b>	<b>01.01.2002</b>	<b>01.01.2003</b>	<b>01.01.2004</b>	<b>01.09.2004</b>
Міндеттемелер сыйақысының орташа мөлшерлемесі	5.1	6.7	6.5	---
Пайыздық табыстардың үлесі	51.9	54.4	50.0	53.0
Әрекет тиімділігінің мөлшерлемесі	93.7	79.1	87.9	---
Активтер айналымдылығының коэффициенті	16.9	18.9	19.9	---
Меншік капитал коэффициенті	20.7	14.1	10.7	---
ROA	0.8	2.8	1.7	3.1
ROE	4.0	19.7	13.1	24.4
EPS	56.0	250.3	191.9	215.2

## VI. ШЫҒАРЫЛАТЫН ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

### 41.

#### Банктің қарыздық құнды қағаздарының шығарылымы туралы деректер:

Шығарылым шарттары	Шығарылым 2001	Шығарылым 2003
Жалпы көлемі	1 500 000 000 теңге	3 000 000 000 теңге
Облигациялардың жалпы саны	1 500 000 дана	3 000 000 000 дана
Облигациялардың түрі	атаулы купонды облигациялар субординацияланған	атаулы купонды облигациялар субординацияланған
Номиналды құны	1 000	1
Шығарылым валютасы	Теңге	Теңге
Айналым мерзімі	5 жыл	7 жыл
Купон мөлшерлемесі	15,0%	11,0%
Өтеу мерзімі	01.09.06	04.07.10
Орналастыру барысында тартылған ақшаның жалпы көлемі (номиналды құны бойынша)	1 166 000 000 теңге	3 000 000 000 теңге
Шығарылымның мемлекеттік тіркеуі туралы деректер	Шығарылымды ҚР ҰБ 21.08.01 нөмірін А41 етіп тіркеген. НИН: KZ2CKY05A416	Шығарылымды ҚР ҰБ 24.06.03 нөмірін А79 етіп тіркеген. НИН: KZ2CKY07A792
Облигациялар бойынша төленген төлемдердің жалпы мөлшері	негізгі қарыз – 1 166 000 000 теңге; купон – 874 500 000 теңге; барлығы: 2 040 500 000 теңге.	негізгі қарыз – 3 000 000 000 теңге; купон – 2 310 000 000 теңге; барлығы: 5 310 000 000 теңге.

#### Банк акциялары жөніндегі деректер:

##### 1-ші шығарылым:

- а) құнды қағаздардың түрі: жай атаулы акциялар,
  - б) эмиссия құрылымы: жалпы сомасы 64 260 000 теңге номиналды құны 630 000 теңге 102 жай атаулы акция.
  - в) шығарылымның мемлекеттік тіркеу күні: 16.04.96 ж.; №А0025 құнды қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясы.
  - г) орналастыруының аяқталған күні: 16.04.96 ж.
  - д) құнды қағаздарды орналастыру тәсілі - жабық.
  - е) дивидендтер мөлшері (жылдар бойынша): 1996 ж. - 22 816 000 теңге.
  - ж) эмиссия қорытындысы туралы есептің бекітілген күні - 24.05.96 ж.
- Акциялардың 2-ші шығарылымы тіркелген кезде эмиссия жойылды - 31.01.1997 ж.

##### 2-ші шығарылым (эмиссия құрылымының өзгеруіне байланысты 1-ші эмиссияның көлемі 2-ші эмиссияға қосылды):

- а) құнды қағаздардың түрі: жай атаулы акциялар,
- б) эмиссия құрылымы: жалпы сомасы 94 500 000 теңге, номиналды құны 63 000 теңге 1500 жай атаулы акция.
- в) шығарылымның мемлекеттік тіркеу күні: 31.01.97 ж. №А0025-1 құнды қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясы.

- г) орналастыруының аяқталған күні: 31.01.1997 ж.
  - д) құнды қағаздарды орналастыру тәсілі – жабық,
  - е) дивидендтер мөлшері (жылдар бойынша): 1997 ж. - 42 786 000 теңге.
  - ж) эмиссия қорытындысы туралы есептің бекітілген күні – 22.04.97 ж.
- Акциялардың 3-ші шығарылымы тіркелген кезде эмиссия жойылды - 18.12.1998 ж.  
Құнды қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркеуі туралы 24.11.1997 ж. куәлік «ТЕХАКАВАНК» ААҚ атының өзгеруімен байланысты берілді.

3-ші шығарылым (эмиссия құрылымының өзгеруіне байланысты 2-ші эмиссияның көлемі 3-ші эмиссияға қосылды):

- а) құнды қағаздардың түрі: жай атаулы акциялар,
- б) эмиссия құрылымы: жалпы сомасы 6 000 000 АҚШ доллары, номиналды құны - 10 АҚШ доллары 600 000 жай акция.
- в) шығарылымның мемлекеттік тіркеу күні: 18.12.1998 ж. №А3708-2 құнды қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясы.
- г) орналастыруының аяқталған күні: 14.12.1999 ж.
- д) құнды қағаздарды орналастыру тәсілі – ашық,
- е) дивидендтер мөлшері (жылдар бойынша): 1998 ж. – 2 270 664,86 АҚШ доллары; 1999 ж. - 1 186 200 АҚШ доллары. Дивидендтер банк акцияларының 3-ші шығарылымын төлеу үшін бағытталды.
- ж) эмиссия қорытындысы туралы есептің бекітілген күні: 24 қараша 1999 ж. және 19 қыркүйек 2000 ж.
- з) шығарылымның жойылған күні – 11.09.2002 ж.

4-ші шығарылым:

- а) құнды қағаздардың түрі: жай акциялар,
- б) эмиссия құрылымы: жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ доллары, номиналды құны - 10 АҚШ доллары 100 000 жай акция.
- в) шығарылымның мемлекеттік тіркеу күні: 13.12.2000 ж. №А3708-3 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.
- г) орналастыруының аяқталған күні: 26.12.2001 ж.
- д) құнды қағаздарды орналастыру тәсілі – ашық,
- е) дивидендтер мөлшері (жылдар бойынша): 2001 ж. – 800 000 АҚШ доллары. Дивидендтер банк акцияларының 4-ші шығарылымын төлеу үшін бағытталды.
- ж) эмиссия қорытындысы туралы есептің бекітілген күні: 10 тамыз 2001 ж., 22 қаңтар 2002 ж., 22 сәуір 2002 ж.
- з) шығарылымның жойылған күні – 11.09.2002 ж.

5-ші шығарылым:

- а) құнды қағаздардың түрі: жай акциялар,
- б) эмиссия құрылымы: жалпы сомасы 973 380 000 теңге, номиналды құны – 1000 теңге 973 380 жай акция.
- в) шығарылымның мемлекеттік тіркеу күні: 11.09.2002 ж. №А3708-4 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.
- г) орналастыруының аяқталған күні: 23.09.2002 ж.
- д) құнды қағаздарды орналастыру тәсілі – ашық,
- е) дивидендтер төленбеді
- ж) эмиссия қорытындысы туралы есептің бекітілген күні: 24.12.2002 ж.
- з) эмиссия Банк акцияларының 6-шы шығарылымына кірді.

**6-шы шығарылым:**

- а) құнды қағаздардың түрі: жай акциялар,
- б) эмиссия құрылымы: жалпы сомасы 2 000 000 000 теңге, номиналды құны – 1000 теңге 2 000 000 жай атаулы акция.
- в) шығарылымның мемлекеттік тіркеу күні: 16.10.2003 ж. №А3708-5 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.
- г) орналастыруының аяқталған күні: ---
- д) құнды қағаздарды орналастыру тәсілі – ашық,
- е) дивидендтер төленбеді
- ж) эмиссия қорытындысы туралы есептің бекітілген күні: 01.07.2004 ж.

Құнды қағаз ұстаушылардың алдында Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамауы фактілері жоқ.

Құнды қағаздардың қайсыбір шығарылымының тоқтатыла тұрған, орын алмаған деп танылған фактілері Эмитенттің әрекетінде болған емес.

Банктің құнды қағаздары сатылған негізгі нарықтар:

N	Құнды қағаздардың түрі	Сауда-саттық ұйымдастырушыларының аты
1.	Акциялар	ҚҚБ
2.	Облигациялар	ҚҚБ

Бұрынырақ Банк шығарған құнды қағаздардың әр түрінің ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар:

**Қоғам облигационерлерінің құқықтары:**

- Сәйкесті эмиссия Проспектісінің шарттарына сәйкес облигацияларды өтеу күні туындағанда, өздеріне тиеселі облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- Купонды сыйақыны төлейтін күн туындағанда купонды сыйақы алу құқығы, шығарылым шарттарына сәйкес;
- Шығарылым шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне тиеселі облигацияларды еркін пайдалану құқығы;
- Шығарылым шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға деген меншік құқығынан шығатын басқа да құқықтар.



## VII. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ЖАҚЫНДАҒЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

### 42. Облигациялар туралы деректер:

1.	Облигациялардың түрі	Атаулы, купонды, қамтамасыздықсыз, субординированны
2.	Шығарылатын облигациялардың саны	3 000 000 000 (үш миллиард) дана
	Шығарылымның номинал бойынша жалпы көлемі	3 000 000 000 (үш миллиард) теңге
3.	Бір облигацияның номиналды құны	1 (бір) теңге
4.	Облигациялар бойынша төленетін сыйақы	<p>Купон мөлшерлемесі – бірінші купонды айналым кезеңіндегі облигациялардың номиналды құнының жылдық 8,5%-ы.</p> <p>Келесі кезеңдерде – купон мөлшерлемесі қалқымалы мөлшерлеме болады, ол инфляция деңгейіне тәуелді, әрбір алты ай сайын қарастырылып отырады және келесідей тәсілмен есептелінеді:</p> $r = i + 2\%$ <p>бұл жерде <math>r</math> – жылдық пайыздармен берілген сыйақы мөлшерлемесі;</p> <p><math>i</math> – кезекті сыйақы төленетін күннің алдында келетін соңғы он екі айдың ішінде статистика жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігі баспасөзде жариялайтын тұтыну бағаларының өсу/төмендеу индексі секілді (пайыздармен берілген индекстің мәні минус 100%) есептелінетін инфляция.</p> <p>Сыйақы мөлшерлемесінің жоғарғы шегінің мәні – жылдық 12,0%, төменгі шегінің мәні – 2,5%.</p> <p>Сыйақы облигациялар айнала бастаған Күннен бастап есептелінеді.</p> <p>Эмитент қазақстандық теңгемен купон төлемін жылына екі рет жүргізеді, яғни облигациялар айнала бастаған күннен бастап әрбір алты ай сайын, есептеу базасы 360/30.</p> <p>Инвестор ҚР резиденті емес болған жағдайда купонды сыйақы теңгемен төленеді.</p> <p>Сыйақы төлеу үшін облигация ұстаушыларының тізілімдемесі сәйкесті төлем күнінен 1 (бір) күн бұрын белгіленеді.</p> <p>Купонды сыйақы төленетін күн демалыс күніне түсетін жағдайда төлем демалыс немесе мейрам күнінен кейін келетін бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Соның ішінде инвестор осындай кешіктіру үшін пайыз немесе өтемақы есептелуін талап етуге құқықсыз.</p>
5.	Облигациялардың айналымы және өтелуі туралы деректер:	<p>Облигациялар айналымының мерзімі – облигациялар айнала бастаған Күннен бастап жеті жыл.</p> <p>Айналымның басталу Күні – облигациялар эмиссиясының мемлекеттік тіркеуі күнінен бастап 10 (он) күнтізбек күні өткеннен кейін.</p> <p>Облигациялар айналымының мерзімі аяқталғаннан</p>

		<p>кейін инвесторлар облигациялар бойынша негізгі қарызын алуға құқықты.</p> <p>Негізгі қарыз инвесторлардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы, өтеу жүргізілетін күні айналымдағы облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі. Облигацияларды өтеу күні облигациялар айналымының мерзімі аяқталған күн болып табылады.</p> <p>Негізгі қарыз сомасы өтелетін күн демалыс немесе мейрам күніне түсетін жағдайда өтеу демалыс немесе мейрам күнінен кейін келетін бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Соның ішінде инвестор осындай кешіктіру үшін пайыз немесе өтемақы есептелуін талап етуге құқықсыз.</p> <p>Инвестор ҚР резиденті емес болған жағдайда негізгі қарыз сомасы теңгемен өтеледі.</p> <p>Облигациялар өтеуі жүргізілетін жер: «ТЕХАКАВАНК» ААҚ Алматы қ., 480100, Ш. Қалдаяқов к-сі, 28</p>
6.	Әрбір облигацияның өз ұстаушысына ұсынатын құқықтары	<p>Қоғам облигационерлерінің құқықтары: Облигационерлер, эмиссия Проспектісінің шарттарына сәйкес, купонды сыйақы төлеу күні туындағанда купонды сыйақы алуға, сондай-ақ облигацияларды өтеу күні туындағанда негізгі қарыз сомасын алуға құқықты.</p> <p>Облигацияларды қайта сатып алу талаптарын облигацияларды сатып алу-сату Шарты реттейді.</p>
7.	Мерзімнен бұрын өтеу	Осы Проспектімен облигацияларды мерзімнен бұрын бөлшектеп және толық сатып алу ескерілмеген.
8.	Дефолт уақиғалары	<p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт- бұл сый ақыны немесе негізгі борышты төлеу мерзімі осы проспектімен белгіленген күннен соң кейінгі күннен есептелінетін 10 календарлық күн ішінде облигациялар бойынша сый ақыны (купонды) және/немесе номиналдық құнын төлемеу немесе толықтырып төлемеу.</p> <p>Осы Проспектімен белгіленген мерзімде Эмитенттің айыпы негізінде купондық сый ақы және /немесе негізгі борыш төленбеген немесе толықтырылып төленбеген жағдайда, ақша міндеттемесін немесе оның бөлігін орындау күніне Эмитент осы шығарылым облигацияларын ұстаушыларға Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерінен есептелінетін , төлем мерзімін өткізіп алған әр күнге өсім ақы төлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт пайда болған жағдайда Инвестор, ҚР қолданыстағы зағдарына сәйкес осы облигациялар бойынша борышты талап етуге құқығы бар.</p>
9.	Опциондар туралы ақпарат	Опциондар қарастырылмаған

#### 43. Облигациялардың айырбасталымдылығы:

Облигациялар айырбасталымды емес.

#### 44. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1.	Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі	Облигациялар айналымның бүкіл мерзімі бойы орналастырылады; Облигациялар ұйымдастырылған нарықта «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-да сауда-саттық жүргізу арқылы да, сондай-ақ ұйымдастырылмаған нарықта жазылу арқылы да орналастырылады. Құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында облигациялар аукцион жүргізу арқылы немесе инвесторлардың Банкке берген жазбаша тапсырыстарының негізінде жазылу арқылы орналастырылады. Орналастыру басталған күн айналым басталған күн болып табылады.
2.	Акцияларға айырбасталынатын облигацияларды орналастыру	Облигациялар айырбасталымды емес
3.	Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі	Облигациялар тек ақшамен ғана төленеді. Облигациялар үшін ақша төлеу тәртібі мен талаптары банктің инвесторлармен бекітетін облигацияларды сатып алу-сату Шартында көрсетіледі.
4.	Облигациялар бойынша қамтамасыздық	Облигациялар қамтамасыз етілген болып табылмайды
5.	Облигациялар бойынша берілетін құқықтарды есепке алу тәртібі	«Реестр Сервис» ЖШС тіркеуші болып табылады, ол құнды қағаздар тізілімдемесін жүргізу бойынша әрекетін құнды қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Комиссиясы 04.10.2000 ж. берген № 0406200154 лицензияның негізінде жүргізеді. Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 480060, Алматы қ., Розыбакиев к-сі 125/7. Тел: 7(3272) 753 592
6.	Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы деректер	Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар жоқ.
7.	Төлем агенті туралы деректер	Төлем агенті қарастырылмаған

#### 45. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:

Облигацияларды шығару арқылы тартылған қаражат жобалық және саудалық қаржыландыру көлемін ұлғайтуға және дамытуға және банк ұсынатын қызметтер спектрін кеңейтуге бағытталатын болады.

## **VIII. ҚОСЫМША АҚПАРАТ**

### **46. Облигациялар айналымындағы шектеуліктер:**

Осы шығарылым облигацияларының айналымында шектеуліктер жоқ.

### **47. Облигациялардың шығарылымына кеткен шығындар сомасы:**

Шығындар келесілерді құрайды:

- Кіру листинг алымы – құнды қағаздардың номиналды құнының 0,025% мөлшерінде. Кіру листинг алымының минимальді мөлшері бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді. Максимальді мөлшері – төрт мың айлық есептік көрсеткіштен аса алмайды.
- Номиналды құнның 0,025% мөлшеріндегі жылдық листинг алымы, бірақ бір жүз айлық есептік көрсеткіштен кем емес және екі мың айлық есептік көрсеткіштен астам емес.

Бұл шығындарды «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-ның шот қоюы фактісі бойынша Банк қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы төлейді.

### **48. Жарғының көшірмесімен және облигациялар шығарылымы проспектісімен инвесторлардың таныса алатын жерлері туралы ақпарат:**

Потенциалды инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен және облигациялар шығарылымының проспектісімен эмитенттің мекен-жайында таныса алады:

«ТЕХАКАВАНК» ААҚ  
Алматы қ., 480100, Ш. Қалдаяқов к-сі, 28

**Басқарма Төрағасының**

**Дорджиев В.Ф.**

**Бас бухгалтердің**

**Нурманбетова Л.А.**